

**Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметтерді жүзеге асыратын банктік емес ұйымдарға клиенттердің ақшаларына есеп жүргізуге және сақтауға арналған шоттар ашуға рұқсат берілетін банктердің (банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын) тізбесі туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2000 жылғы 30 қыркүйек N 80 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 қазан N 1263 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 142 (V042933) қаулысы.

Инвесторлардың мүдделерін және заңмен қорғалатын құқықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755\_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - "Ұлттық комиссия" деп аталады) туралы ереженің 4-тармағы 12) тармақшасының және Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 20 V980683\_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларының 58-тармағының екінші азатжолының негізінде Ұлттық комиссия қаулы етеді:

1. Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметтерді жүзеге асыратын банктік емес ұйымдарға клиенттердің ақшаларына есеп жүргізуге және сақтауға арналған шоттар ашуға рұқсат берілетін банктердің (банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың) тізбесіне:

1) бағалы қағаздары рыногында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға қолданылып жүрген лицензиялары бар;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға өту тәртібі туралы қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірінші топқа жатқызған не аталған қағидалардың талаптары қолданылмайтын ұйымдар енгізілетіндігі белгіленсін.

2. Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметтерді жүзеге асыратын банктік емес ұйымдарға осы банктік емес ұйымдардың

аффилиирленген тұлғалары - банктерде (банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) клиенттердің ақшаларына есеп жүргізуге және сақтауға арналған шоттар ашуға тыйым салынсын.

3. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

4. Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметтерді жүзеге асыратын банктік емес ұйымдар өздерінің қызметін (бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті реттейтін нормативтік актілерді қоса) осы Қаулыға сәйкес ол күшіне енгізілген күннен бастап 30 күн ішінде келтіруге міндеттелсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның (оған осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

6. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы :

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкін осы Қаулы туралы жазбаша ескертсін ;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін ;

3) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

4) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*

*Комиссияның мүшелері*